Қазақстан Республикасының білім беру, мәдениет және денсаулық сақтау ұйымдарын атау мен қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 9 тамыздағы N 753 Қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы ұйымдарды, темір жол станцияларын, әуежайларды , сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы N 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес білім беру, мәдениет және денсаулық сақтау ұйымдарына белгілі мәдениет қайраткерлерінің, ғалымдардың, ақындардың, дәрігерлердің, педагогтардың есімдері берілсін.

2. Осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес білім беру ұйымдары қайта аталсын.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 9 тамыздағы N 753 қаулысына 1-қосымша

Белгілі мәдениет қайраткерлерінің, ғалымдардың, ақындардың, дәрігерлердің, педагогтардың есімдері берілген білім беру, мәдениет және денсаулық сақтау ұйымдарының тізбесі Алматы облысы бойынша

Алакөл ауданы Екпінді орта мектебіне - профессор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Мәлгеждар Әубәкіровтің есімі;

Қапшағай қаласы Шеңгелді ауылының N 6 орта мектебіне - тарихшы-ғалым Қадырғали Жалайыридың есімі;

Алакөл ауданы Үшарал қаласының аудандық Мәдениет үйіне - халық әртісі Зейнеп Қойшыбаеваның есімі;

Шығыс Қазақстан облысы бойынша

Аягөз ауданының N 1 Баршатас орта мектебіне - Оспанқұл Меңаяқұлының есімі;

Алматы қаласы бойынша

қалалық клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасына - ҚазКСР-інің еңбек сіңірген дәрігері Изатима Жекенованың есімі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 9 тамыздағы
N 753 қаулысына
2-қосымша

Қайта аталған білім беру ұйымдарының тізбесі Алматы облысы бойынша

Ескелді ауданы Матай Байысов ауылының Дзержинский атындағы орта мектебі - халық ақыны Темірғали Рүстембеков атындағы орта мектеп;

Шығыс Қазақстан облысы бойынша Аягөз ауданы Тарбағатай ауылының Октябрь атындағы орта мектебі - Тарбағатай орта мектебі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК